

## **Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы**

### **Дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне арналған «Адами капиталының негізі – сапалы дене тәрбиесі» тақырыбында тамыз кеңесі**

25 тамыз 2021 жыл

Атырау қаласы

Облыстық тамыз кеңесінің модераторы - Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы директорының орынбасары С.Д.Махамбетова ZOOM платформасы арқылы өтіп жатқан дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне арналған **«Адами капиталының негізі – сапалы дене тәрбиесі»** тақырыбындағы облыстық тамыз кеңесінің құрметті қонақтарымен таныстырып, және кеңесінің бағдарламасымен таныстырып өтті).

Облыстық тамыз кеңесіне қатысушыларды ҚР БЖҒМ Ұлттық ғылыми – практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директорының орынбасары – Садыков Сағдат Кабирович: «Ең бірінші байлық – денсаулық дегендей, бүкіл дамы, Атырау облысы Білім беру басқармасының бас маманы – Шамұратов Байжан Мұғалімұлы, Атырау облысы Білім беру басқармасының әдістемелік орталығы директорының орынбасары – Ерғалиев Өнербек Асылбекұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің бастапқы әскери дайындық және дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі –Аралбаев Алпысбай Сейткалиевич және Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының директоры Жекенов Садиржан Самигуллович «Спорт күні» Халықаралық мерекесімен және жаңа 2021-2022 оқу жылымен құттықтап, жаңа жетістіктер, шығармашылық табыс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеп, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дене тәрбиесінен бас жаттықтырушы Ғабитова Алтын Ғабитқызы «Орта білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі пәнін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» тақырыбындағы баяндамасы бойынша сөз алды. 2021-2022 оқу жылына арналған нұсқаулық хатта көрсетілген дене тәрбиесі пәні бойынша тоқталып өтті. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері, пән бойынша оқу жүктемесінің аптасына, жылына бөлінетін сағаттары, критериалды бағалау қағидалары, оқу пәнінің мазмұнының бөлімдері, бағдарламаның бөлімдерінің жылдық сағаттар

санын тоқсандарға бөлу және гендерлік қағидағат туралы айтып түсіндірді.

Екінші мәселеге бойынша Атырау қаласы «Барыс» балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубы директорының орынбасары Торпақов Мақсот «Жалпы білім беретін мекемелердегі балаларды спорттық іс-шараларға тәрбиелеу жұмыстары» тақырыбындағы баяндамасы бойынша сөз алды. Бүгінгі таңда республика бойынша сегіз өңірде 41 «Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтары» жұмыс жасайды. Астана қаласында 2016 жылдың 28 маусымда бұқаралық спортты дамыту туралы, ҚР премьер-министрінің орынбасары Д.Назарбаева өз мәжілісінде тоқталып өтті. Мәдениет және спорт министрлігі облыс әкімдерімен бірлесе отырып, клубтар жұмысын жүйелеуге және оқушыларға бос уақытты ұйымдастыруға шаралар қабылдау, өңірдегі балалар мен жасөспірімдер спорт ұйымдарының желісін кеңейту бойынша жұмысты жандандыру бағыттарын қабылдады. Осы атап көрсетілген негіздерге және 2014 жылғы 3 шілдедегі №228 «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңға сүйене отырып, Атырау қаласында «Барыс» және «Ұлан» балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтары ашылды. «Барыс» балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубының мақсаты мен міндеттеріне, спорттық секциялар туралы және 850 оқушымен қамтылғаны туралы айтты. Клубта 30 жаттықтырушы-мұғалім қызмет етеді, әр мұғалімнің секциясында 25 оқушыдан бар. Әр топта бір академиялық сағаттан аптасына 3 рет жаттығу жасайды. Атырау қаласы бойынша 62 мектеп бар, «Барыс» клубына 31 мектеп қарайды. Сондай-ақ, клубтың атқаратын қызметтеріне де тоқталды.

Келесі сұрақ облыстық Ұлттық мектеп лигасын ұйымдастырылуы туралы Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының олимпиадалық спорт түрлерінен бас жаттықтырушы Байтілеу Хангелді сөз алды. Презентацияда көрсетілгендей, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының спорттық – бұқаралық күнтізбелік іс-шаралардың жоспарына сәйкес 11 спорт түрінен 3 жас ерекшелік бойынша 5-6, 7-8, 9-11 сыныптар (ұлдар, қыздар) арасында өткізіледі. Ұлттық мектеп лигасы мектепшілік, топтық, аудандық (қалалық), облыстық және республикалық кезеңдерден тұрады. 2019-2020 оқу жылында Ұлттық мектеп лигасына 132846 оқушы қатысса, биыл қатысушылар саны пандемияға байланысты 1,2,3 кезеңдер өткізілмей, облыстық және республикалық кезеңге 1972 оқушы қатысты. Облыстық Ұлттық мектеп лигасында Құрманғазы, жылыой аудандары және Атырау қаласы жақсы нәтижелер көрсетсе, республикалық Ұлттық мектеп лигасында Исатай

ауданының 7-8 сынып қыздары баскетболдан ІІ жүлделі орынға ие болды. Республикалық Ұлттық мектеп лигасында жеңімпаз команда дайындаған үшін команда жаттықтырушылары Исатай ауданының дене тәрбиесі мұғалімдері Е.Құрманғалиев және С.Райс Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды

Төртінші сұрақ бойынша Құрманғазы ауданы Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубының директоры Өтегенов Нұрболат ауданда ұйымдастырылатын Ұлттық мектеп лигасы туралы сөз алды.

Құрманғазы ауданында ұлттық мектеп лигасы қалай ұйымдастыралатыны туралы презентация арқылы көре аласыздар. Ұлттық мектеп лигасы спорт түрлері бойынша бірінші мектепшілік, топтық және аудандық кезендерден өткізіледі. Іріктеліп шыққан команда облыстық Ұлттық мектеп лигасына жіберіледі. 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 оқу жылдарында облыстық Ұлттық мектеп лигасында ауданымыз І орынды иеленді. Республикалық ұлттық мектеп лигасының қорытынды есебі бойынша 2019-2019 оқу жылында 6 жолдама алып, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің қыздары футболдан жеңімпаз болды, 2019-2020 оқу жылында 10 жолдама алды және 2020-2021 оқу жылында 10 жолдама алып, баскетболдан ұлдар арасында өткен жарыста Б.Бегалиев атындағы жалпы орта мектептің оқушысы Сарсенов Арсен Азаматұлы «Үздік ойыншы» атағына ие болды. Мектеп лигасының қорытындысына тоқталды.

Күн тәртібінің келесі сұрағына Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Құрманғазы аудандық жас туристер бекеті» мекемесінің директоры А.Өтегенов мектеп туризмі туралы баяндама оқыды. Баяндамасын «Құрманғазы аудандық жас туристер бекеті» мекемесінің құрылғаны туралы, ондағы қызмет етіп жатқан педагогтар туралы, қамтылып отырған оқушылар және үйірмелер туралы айтып өтті. Оқушылар саны - 495, ұлдар – 260, қыздар – 235. Мекеме бүгінгі күнге дейін спорттық, өлкетану және экологиялық бағыттары бойынша жұмыс жасап келеді. Оқушылар әртүрлі шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Атап айтсақ, 2019 жылы «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының облыстық слетінде 1 орын, Туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетінде 1 орын, Халықаралық туризм күніне арналған XXII «Европа-Азия» туристік фестиваліне қатысып, жалпыкомандалық есепте ІІ орын жеңіп алды. Сондай – ақ мектеп туризмінің бағыттары бойынша іс-шаралар, жорықтар ұйымдастырылады деп оқушылар жетістігімен бөлісті.

Атырау облысы Білім беру басқармасының бас маманы Шамұратов Байжан Мұғалімұлы дене тәрбиесі мектептерде спорттық секцияларды көптеп ашу және секцияларды оқушылармен қамту жұмыстар жүргізу керектігін, Ұлттық білімдік деректер қоры толықтырылып, ай сайын ақпарат беріп отырылса деген өз ұсынысын берді.



